

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 наурыздағы N 244 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 шілдедегі N 723

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 наурыздағы N 244 Р980244_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлуде:

"Премьер-Министрдің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы О.Ә.Жандосов" деген б ө л і м д е :

бірінші абзац "Инвестициялық" деген сөзден кейін "және кәсіпкерлік (іскерлік)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "сақтандыруды" деген сөз "сақтандыру реформасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац алынып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Макроэкономика мен қаржы саласының мәселелері";

алтыншы абзац "Халықаралық" деген сөздің алдынан "Дүниежүзілік сауда ұйымын қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызметті реформалаудың және мемлекеттік органдарды

информатикаландырудың жүзеге асырылуын үйлестіру";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжанов" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тұрғын үй-коммуналдық реформаны жүзеге асыруды аяқтау";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павлов" деген бөлімде:

бірінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзац "еңбек қатынастарын реформалау мәселелері" деген

сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК